



ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ
ТУРАЛЫ ТҮРКІ
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

II
ТОМ



МӘДЕНИ МҰРА

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША
ТАЛДАП-БЕЛГІЛЕНДІ**

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ:**

Тасмағамбетов И. Н. (бас редактор)
Тәжин М. М. (бас редактордың орынбасары)
Тәуекел С. Т. (жауапты хатшы)
Әбділдин Ж. М.
Әбусейітова М. Қ.
Әуезов М. М.
Байпақов К. М.
Зиманов С. З.
Кәлетаев Д. А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М. Б.
Қасқабасов С. А.
Қойгелдиев М. Қ.
Қосыбаев Е. М.
Құл-Мұхаммед М. А.
Мағауин М. М.
Мәмбеев С. А.
Нұрпейісов Ә. К.
Нысанбаев Ә. Н.
Рахмадиев Е. Р.
Сұлтанов Қ. С.
Сүлейменов О. О.
Хұсайынов К. Ш.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ**



МӘДЕНИ МҰРА

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ТУРАЛЫ ТҮРКІ
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

II

ТОМ

**КӨНЕ ТҮРІК
БІТІКТАСТАРЫ МЕН
ЕСКЕРТКІШТЕРІ
(ОРХОН, ЕНИСЕЙ, ТАЛАС)**

**Алматы
“Дайк-Пресс” 2005**

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:**

Әбусейітова М. Қ. (төрайым)
Момынов Ә. Қ. (төрайымның орынбасары),
Медерова Д. Е. (жауапты хатшы),
Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.

**Көне түрік мәтіндерінің түпнұсқалық көшірмелерін,
сөзбе-сөз салыстырмасын, түсіндірмелерін жасаған
және фотосуреттерін дайындаған**
Н. Базылхан

Архитектуралық сызбалары мен өлшемдерін әзірлеген
Е. Шымшихан

Ғылыми редакторы — Б. Базылхан

К 0504000000
00(05)—05

ББК 63.4

КІРІСПЕ

Қазақстанның ортағасырлық тарихында Түрік Елі тарихының алатын орны ерекше. Өйткені, V—XII ғасырлар аралығындағы түрік “номадтардың” өзгелерден дараланған өркениеті, далалық көшпелі бітім-болмысының өзіндік тарихы бар. Бір сөзбен айтқанда, шығу тегіміздің тамыры, асыл қасиетіміз, бай тарихымыз “арғы атамыз ер түріктермен” байланысты.

Түріктердің далалық көшпелі өркениетін қалыптастырып, туын тік, тұлғасын биік ұстай білген ұлан-байтақ мекені еуразиялық кеңістік болып табылады. Онда ежелгі замандардағы сақтар, хұндар (қытайша: шиюнну, сюнну, хұннұ), үйсіндер (усун), қанлылар (канцзю), сянбилер, тобалар, жужандар секілді этносаяси одақтар мен бірлестіктердің ізімен құрылған **Түрік Елі (Türk Eli)** V ғасырдан XII ғасырға дейінгі аралықта ірі империя атанды. Бұл империя сол дәуірдегі күллі түрік тектес этностарды, көшпелі ұлыстарды көк байрақтың астына біріктірді. Көне түріктер орнатқан осындай империямен сол заманда терезесі тең келер бірде-бір мемлекет болмаған еді. Ол кездері еуразиялық кеңістікте жүз мыңдаған мықты қаруланған ұзын найзалы “түмен-түмен” атты әскерлер “елдің қамы, жердің тұтастығы үшін басы барларды идірген, тізесі барларды бүктірген” еді.

“Тәңірі текті бек ұлдарды құл болғызбай, сұлу қыздарды күң болғызбай, ішер асын мол еттім, киер киімін кең еттім, кедейді бай қылдым, аз халықты көп қылдым, жақсылап тыңда! Ақылмен ұқ!” дейді сол кездердегі бітіктастарда білікті қағандар мен асыл бекзаттар. Иә, бұл шын мәнінде көне түріктердің әлемдік тарих сахнасындағы даңқы асқақтаған биік кезеңі болатын.

Жазу әлем тарихының қай кезеңінде болсын жоғары өркениеттің бірден-бір белгісі болып табылады. Демек, сол заманнан бізге дейін жеткен жазба ескерткіштер ата-бабаларымыздың да әлемдік өркениетке өз жазуымен зор үлес қосқандығын көрсетеді.

Көне түріктер өздерінің төлтума жазуын “**түрүк бітік**” деп атаған. Түрік Елінің ресми жазуы болып табылатын түрік бітіктің жасалу болмысындағы ғылыми негізді құндылығы мен кемеңгерлігін мақтанышпен атауға болады. Өйткені, бұл көптеген түрік тектес этностардың тіл-сөйленістерін бір емлеге, бір тәртіпке ықшамдай білген “**әмбебап**” жазу болды.

Түрік Елінде түрік бітік арқылы бұйрық, жарлық шығару, үкім ету, мөр-таңба басу, елші жіберу, хат алмасу және т. б. мемлекеттік маңызды іс құжаттар жүргізіліп отырды. Қағанның алтынмен апталған таңба-мөрін сақтаушысы — “**тамғачы**”, “**алтын тамған тархан**”, ал іс құжат хатшысы — “**бітікші**” деп аталды.

Ел тарихы қағандардың бұйрығымен ұрпаққа аманат ретінде түрік бітікпен қағазға хатталып, тасқа қашалған “**мәңгілік**” бітіктастарда (“**беңгүташ**”) айшықталды. “**Мың жылдық түмен күндік бітік жазуыммен біліктілігімді бекем тасқа қашадым**” дейді ер жүрек түріктер.

Барлық түрік тектес этностарға ортақ әрі түсінікті түрік бітік тез арада ұлан-ғайыр аймаққа кеңінен таралып, әмбебап жазуға айнала білді. Түрік бітіктің кеңістік аумағы бүгінгі Моңғолиядан бастап Алтай, Тува, Хакасия — Енисей, Абақан, Кем өзені, Бурятия — Байкөл, Лена, Саха, Шығыс Түркістан — Тұрпан ойпаты, Дунхуань, Миран, одан Қазақстан — Ертіс, Талас, Іле, Сыр, Еділ, Жайық өзендері, Ферғана, одан әрі Солтүстік Кавказ, Шығыс Еуропаны қамтыды. Бұл бүкіл Еуразия құрлығын алып жатқан орасан зор аймақ екені белгілі.

Көне түрік бітігі бүгінгі түрік тектес этностардың байырғы рухани мәдениетінің куәсі әрі ортақ мирасы болып табылады. Демек көне түрік бітік — дүние жүзі өркениетіндегі шоқтығы биік ірі мұралардың бірі.

Осындай асыл мұраларымызды жинауды мақсат еткен “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын қолға алған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа, осы бағдарламаны іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңесті басқаратын Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Мұндай ауқымды шара “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын нақты жүзеге асыру және ежелгі асыл мұраларымызды жан-жақты зерттеу, зерделеу, қорғау, пайдалану мен насихаттауға байланысты жасалған батыл әрі игі қадамдардың бірі болды.

Оқырмандар қауымының назарына ұсынылып отырған бұл кітап 2004—2006 жылдарға арналған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы бойынша “Шығыстану секциясы” тарапынан жүргізілген археографиялық дала экспедициясы мен іссапар материалдарына сүйеніп жазылды.

Аталған археографиялық экспедиция 2004 ж. Ресей Федерациясының Хакасия Республикасында (Абақан қаласы), Тува Республикасында (Қызыл қаласы), Красноярск өлкесінде (Минусинск қаласы), Моңғолияда, Қырғыз Республикасында (Бішкек қаласы) зерттеулер жүргізді¹. Кітапқа осы мемлекеттердің мұражай қорларында сақталған және далалық жерлерінде кездесетін көне түрік бітіктастары мен ескерткіштерінің археографиялық, тарихи-деректанулық, мәтіннамалық, архитектуралық мәліметтері қамтылды.

Жалпы алғанда, көне түрік бітіктану, көне түрік археологиясы және т. б. салалары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда ондаған ғылыми монографиялық еңбектер, жүздеген ғылыми мақалалар жарияланды. Бірақ ондай ғылыми зерттеулер әр түрлі кезеңдерде жүргізілуіне байланысты нәтижелері бір жинақ болып жүйеленіп жарыққа шықпаған. Демек, зерттеушілерге де, қалың оқырман қауымға да көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері туралы материалдар топтастырылған еңбектің қажет болып келгені анық. Басылымның мақсаты — бұрын-соңды жарық көрген бірсыпыра ғылыми зерттеу нәтижелерін жинақтап, көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері туралы негізгі мағлұматтарды қамтыған ғылыми-танымдық жинақты оқырмандар назарына ұсыну.

Археографиялық материалдарды жинау барысында көмектесіп, қол ұшын берген Ресей Ғылым академиясы Археология институтының бөлім меңгерушісі, т. ғ. д. И. Л. Кызласов, Сібір бөлімшесі Археология және этнография институтының жетекші ғылыми қызметкері, т. ғ. д., профессор Ю. С. Худяков, Н. М. Мартьянов атындағы аймақтық өлкетану Минусинск мұражайының директоры Л. Н. Ермолаева, аға ғылыми қызметкері Н. В. Леонтьев, Е. М. Лясковская, Хакасия өлкетану мұражайының директоры Т. Н. Феоктистова, А. Котожеков, М. Карбиз, Моңғолия ұлттық тарихи мұражайының директоры А. Очир, орынбасары Д. Нансалмаа, Д. Бумаа, археолог Ц. Одбаатар, Моңғолия Ғылым академиясы Археология институтының директоры, т. ғ. д., профессор Д. Цэвээндорж, жетекші ғылыми қызметкері, т. ғ. д., профессор Д. Баяр, т. ғ. к. Х. Амартүвшин, Моңғолия Ұлттық мемлекеттік университетінің түріктану бөлімінің меңгерушісі, т. ғ. к. Ц. Баттулга, ф. ғ. к. Е. Жанчив, Моңғолия Баян-Өлгий аймағының Қоғамдық экономикалық бөлімшесінің ғылыми қызметкері Е. Қонысбайұлы, Моңғолия Баян-Өлгий аймағы мұражайының директоры Х. Азамат, Х. Қызылбай, бас қор сақтаушысы З. Айгерім, А. Айшагүл,

¹ Ресей Федерациясында жүргізілген археографиялық экспедицияның құрамы: Нәпіл Базылхан, Сержан Баширов, Кенже Торланбаева, Серік Рысбеков; Моңғолияда жүргізілген археографиялық экспедицияның құрамы: Нәпіл Базылхан, Есенбек Шымшихан, Дәулетхан Түйғанақұлы, Еділхан Қонысбайұлы; Қырғыз Республикасында жүргізілген археографиялық іссапардың құрамы: Нәпіл Базылхан, Есенбек Шымшихан.

С. Мұса, Тува Республикасы Алдан-Маадыр атындағы Республикалық мұражай директоры А. С. Гомбу, бас қор сақтаушысы Р. Б. Ховалыг, т. ғ. д., профессор М. Б. Кенин-Лопсан, ф. ғ. д., белгілі түріктанушы З. Чадамба (Арагачи), бөлім меңгерушісі О. Ч. Уйнук, Тува гуманитарлық институтының ғылыми қызметкерлері т. ғ. д. М. Х. Маннай-оол, ф. ғ. к. З. Б. Самдан, К.-М. А. Симчит, Б. Б. Монгуш, В. Салчак, Д. А. Уран, Қырғыз Республикасы Ғылым академиясының жетекші ғылыми қызметкері, ф. ғ. д., профессор Ч. Жумагулов, Қырғыз Республикасы Мемлекеттік тарихи мұражайының директоры Ж. Момункулов, бас қор сақтаушысы А. Шаршеналиева, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражай директоры Н. Әлімбай, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Тіл комитетінің төрағасы, ф. ғ. д., профессор Б. Омаров, Ұлттық кітапхананың бас директоры М. М. Әуезов, ф. ғ. д., профессор Н. Оралбаева, т. ғ. к., белгілі археолог З. Самашев және ф. ғ. д., профессор Ахмет Ержиласун қатарлы азаматтарға алғысымызды білдіреміз.

Сонымен қатар бұл еңбектің дайындалу барысында арнайы кеңес беріп, оған ғылыми тұрғыдан құнды түзетулерін жасаған т. ғ. д., профессор М. Қ. Әбусейітоваға, ф. ғ. д., профессор Б. Базылханға және т. ғ. к., археолог Ә. Ақышевке және бітіктастар мен ескерткіштердің архитектуралық өлшемдері мен сызбаларын дайындауға көп еңбек сіңірген суретші Есенбек Шымшиханға айрықша рахмет айтамыз.

Н. Базылхан

ТҮРІК ЕЛІНІҢ ЖАЗБА МӘДЕНИЕТІ – ТҮРІК БІТІК ЖАЙЫНДА

“...Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял!
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?..”

Мағжан Жұмабаев

Жалпы түріктанудың тарихи-этногенезистік зерттеулерінде қазіргі қазақтарды көне түріктердің тікелей ұрпақтары демей, тек қана “қыпшақтар дәуірімен шектеп” түсіндіріп келуінің сыры бұрынғы саяси-идеологиялық себептерге байланысты болса керек.

Сол себептен түріктанудың ғаламдық деңгейдегі ең негізгі теориялық тұжырымдары этнотарихи, этносаяси, этноәлеуметтік, этномәдени тұрғыдан қайта бір екшеліп қаралуы тиіс. Бұл орайда бұрынғы зерттеулердегі жекелеген теориялық негіздердің енді қажеті болмай қалды деген ой тумаса керек. Мәселенің мәнісі мынада: сол түріктанушылар тарапынан ғасырлар бойы жинақталған теориялық негіздерді, ғылыми тұжырымдар мен соны пікірлерді бір арнаға тоғыстырып, пайымдайтын теориялық біліктілік қажет болып отыр.

Орталық Азияда V–XII ғасырларда билік жүргізген, дала өркениетінің айрықша табиғатын қалыптастырған, бүгінгі түрік тектес этностардың ұйытқысы әрі арғы атасы болған Түрік Еліне қатысты, әсіресе оның тарихы, жазба ескерткіштері, археологиялық мұралары, материалдық бітім-болмысы және т. б. сан салалы қырларына арналған зерттеулердің ғылыми теориялық негіздері бір арнаға тоғысқан немесе толыққанды жүйеленген деуге келмейді.

Түрік Елінің тарихын, өркениетін зерттеуде олқылықтар өте көп. Атап айтқанда, Түрік Елі дәуірінде хатталған жазба деректерді оның археологиялық, этнографиялық қырларымен ұштастыра тарихи негізін анықтау, нақтылы деректанулық тетіктерін жүйелеу ісі ғылыми тұрғыдан егжей-тегжейлі

зерделенбей келеді. Өйткені, көне түріктер туралы зерттеулердің көпшілігі салалық деңгейде ғана қалып отыр. Шын мәнінде Түрік Елінің біртұтас бітім-болмысы археологиялық айғақтар, шығыс-батыс тілдік деректер, этнографиялық, саяси-экономикалық, заң-құқықтық және т. б. аспектілерімен өзара бір-бірін толықтыра жүйеленуге тиісті. Соның негізінде ғана Түрік Елінің толыққанды тарихи-мәдени келбеті, нақтылы далалық өркениеті анықталмақ².

“Түрік” және “бітік” атауына қысқаша шолу

“Бүкіл Түрік дүниесінің Құраны деп атауға тұрарлық осындай жазбалардың ең басты қасиеті, ең негізгі құдіреті оларды жасаушылардың асқақ рухында, өр намысы, өлмес еркі, мұқалмас жігерінде. Мұндай бекем рухсыз шығысы Хинған, Сарыөзен, батысы — Көктеңіз, оңтүстігі — Ұлы Қытай қорғаны, солтүстігі — Сібір аралығында осыншалықты өркениеттік өрлеу орын алмас еді, осыншалықты терең тарих тарқатылмас еді, ұлт ұлы, халық жасампаз болмас еді”³.

И. Н. Тасмағамбетов,

*“Мәдени мұра” мемлекеттік
бағдарламасын іске асыру жөніндегі
Қоғамдық кеңес төрағасы*

Еуразия құрлығын мекен етіп, ұлы империяны құра білген көшпелі түрік этносының төл жазуын **түрік бітік** деп атаймыз. Әуелі біз осы екі сөздің түптөркіні мен тарихи этимологиялық негізіне тоқталайық.

ТҮРІК ЕЛІ [Türük Eli] — V—XII ғасырлардағы Еуразиядағы ең құдіретті империяның (этносаяси іргелі бірлестіктің) ресми атауы. “Түрік қағандығы” дегеніміз — шартты ғылыми атау. Түрік бітік тілінде “Түрік Елі” делінген.

“Түрік” сөзі көне түрік бітіктастары мен ескерткіштерінде “түрүк, төрүк” деп жазылған. Бұл сөздің мағынасы сол дәуірлердегі қолданыстық мәні “төре заңы бар ел, төрелік, билікті ел” деген рәміздік-нышандық негізде қалыптасқан атау болса керек. Бір сөзбен айтқанда, аталмыш “түрік” атауы — этнополитоним,

² Бұған қоса айтарымыз, “альтернативная наука, альтернативная история” (балама ғылым, балама тарих) деген сияқты атаудың болуы, тіпті бұлай айтудың өзі ғылымға жасалған қиянат, адасудың алды деп білеміз. Ал балама болып адасып жүрген тарих емес, “тарихты жазушылар” болса керек.

³ Тасмағамбетов И. Н. Кіріспе сөз. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған “Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2001. 13–16-бб.

яғни этносаяси атау. Зерттеушілер түрік сөзінің шығу тегін “берік, мықты, күшті”, “семіз”, “туу”, “төркін”, “дулыға”, “төр, төр жақ”, “бастапқы” және т. б. мағыналы сөздерден туындаған деп жорамалдайды⁴.

Сөйтіп, **Түрік Елі** деген этносаяси атау **тоғыз оғұз, сегіз оғыз, үш оғыз, түргеш, қырқыз, құрықан, отұз татар, қытан, татабы** тәрізді көшпелі этностарды біріктірген империяның атын білдірді. Демек, түрүк//төрүк дегеніміз **түрү+к, төрү+к** құрамды, “төрелік билікті **төрү** (төре) заңы бар ел” деген сөз. Бұл жайында әйгілі шығыстанушы В. В. Бартольдтың және А. Н. Кононовтың жорамалдарын келтіруге болады⁵.

Қытай тілінде “тугю, тукюе, туцзюе, тужио”, көне моңғол тілінде “төрүг, түрүг” деп белгіленіп хатталды. Ал араб, сасанилік парсы, соғдылықтарша “турки, туран”, үнді-санскритше “туруска”, тибеттер “друг//дрок” деп аталса, Ресей, еуропалық түріктану саласында “түрок, түрк, тюрк”, “turkish, turkic”⁶ деп аталып келді.

⁴ Бұл ретте бір ескеретін жайт, тарихта белгілі бір көшпелі ел, мемлекет, қағандық, хандық ешқашан қаған атымен (еуропалық шығыстанушылар жаңсақ қалыптастырған қарахандықтар, шағатайлықтар, елхандар, жошылықтар, өзбектер деген секілді) аталмаған. Көшпелілердің этносаяси және этномәдени бітім-болмысын, оның тарихын, дәстүрлі қатаң заңдылықтарын жете түсінбегендіктен “Түрік деген тайпа болды, одан көбейіп, билікке жетіп сол қағандық осылайша аталды” деген сияқты тым үстірт әрі қисынсыз пікірлер де баршылық. Ал шын мәнінде күдіретті империя тап осындай мән-мағынасы тар атаумен аталған жоқ. Дәлірек айтқанда, этносаяси бірлестіктер (империя) құрылған сәттен бастап берілген жаңа атау, осы империяның ерекше болмыс-бітіміне сәйкес аталды. Сондықтан ол империяның құрамындағы барлық этностар ресми түрде жалпылай бір ғана этнополитоним атаумен аталды.

Осы этносаяси атаудың тағдыры жайында Л. Н. Гумилев былай дейді: “В дальнейшем этот термин еще раз трансформировался и стал названием языковой семьи, так сделались “тюрками” многие народы, никогда не входившие в великий каганат VI—VII вв. Некоторые из них были даже не монголоиды, как, например, туркмены, османы, азербайджанцы” (Гумилев Л. Н. Древние тюрки. М., 1993. С. 6).

⁵ “Возможно предположить связь между словом **түрк** и часто встречающимся в надписях словом **төрү** — “закон”, “обычай”, но также “объединенная законом народная масса” (Бартольд В. В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов / Соч. М., 1968. Т. 5. С. 39); А. Н. Кононов “түрк” сөзін талқылай келе оның этимологиясын “төркін, туу” деген сөздерімен байланыстырып, “по законам тюркской фонетики и акцентуации *tögük-türük* могло превратиться только в **t*rük* > **trük*” деп түрік бітік тілінің ерін үндестік заңдылығына қарама-қайшы пікірін алға тартады (Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII—IX вв.) Л., 1980. С. 51).

⁶ Кеңес Одағы дәуіріндегі ғылыми еңбектерде “түрк, тюрк, түрк, түркі, түрк тілдері, түркі тілдері” деген атаулар қолданылды. Демек, көне түрік тілін, Түрік Елін, бүгінгі түрік тілдерін “Түркістан, Түркімен, Түркия атауынан”, осман-түрік тілінен ажыратып зерттейміз деген оймен “кеңселік-кабинеттік академиктер” көне түрік тілінің, тіпті қазақ тілінің де заңдылығына қайшы “қазақ-ы, қырғыз-и, орыс-и, славян-и, герман-и” (бұл ретте: түрік+і- түркі, түрік+и- түрки, кітаб-и, тарих-и т. б. арабша грамматикалық сөзжасам заңдылығына негізделген) деген сияқты орынсыз атаулар қалыптастырған.

Ғылыми теорияны оның терминологиялық қауқарынан аңғаруға болады. Мысалы, біздер бүгінге дейін “түркология”, “түркітану”, “түріктану”, “түркі тілдері”, “түрік тілдері”, “көне түркі тілі”, “түркі қағанаты”, “түрік қағандығы”, “түркілік”, “түріктік” деп қатар атап келеміз.

БІТІК — [bitik] Көне түрік бітік тілінде: **бітіг, бітік**⁷ — “жазу, сызу, жазба, мәтін, хат” деген мән-мағынаны білдірді. Бітік деген көне түрік тілінде біті- “жазу, сызу” деген мәнді түбір морфемадан⁸ туындаған. Қазіргі түрік тілдерінде “**бітік, бітіг, бижик, пичик, пічік, пытық, бүтүк, бідіг**” және т. б. тұлғаларында кездеседі.

Көне моңғол тілінде бічі — “жазу, сызу” > бічіг “жазу”, бічігечі — “жазушы, бітікші”, бічіглекү — “жазбалау”, бічімел — “жазба нұсқа”, бічілге — “жазу ерекшелігі” және т. б. сөздері туындаған, тұңғыс, манжұр тілдерінде бічі — “жазу сызу”, бітехе, бітхе, бічхе — “жазу, мәтін”, битхей — “кітап, кітаби”, битхеси — “жазушы”.

Біті-, бітік, бітіг, бітіклік, бітікчі, бітігүчі, бітіт — “жазу, көшіру, сызу” және де **пыч-, пыш-** “кесу, кертү, пычақ, пышақ” т. б. тұлғалы сөздері бір түбірлес ортақ семантикалы атаулар. Қазіргі түсінікпен айтқанда, пышақ және бітік сөздері мағыналық жағынан байланыссыз көрінгенімен, ататүрік дәуірінде, тіпті алтайлық тектіл⁹ кезеңдерінде *pīt — (pīt -, pīč -) тұлғалы бір түбір морфемалы болды. Оған +// -čaq, -tik түбір немесе қосымша морфемалар жалғанып *pīt + čaq > pītčaq > pīčaq > bīčaq (кескіш, кішкентай зат, пышақ); *pīt+tik > pītik > bītik > bitik (кесілген, кішкентай, бітік, жазу) тұлғасында өрбіді¹⁰.

Сондықтан қытай жылнамаларындағы “(солтүстік жабайылардың) **ағашты оюлап өрнектейтін жазулары бар**, оны шумақтап уәзірлері кеңесте талқылайды” деген деректері аталмыш сөзге қатысты айтылған болу керек.

Салыстырыңыз: “қазақология, қазақытану, қазақтану” деген секілді. Сол сияқты “көне түркі жазбалары, түркі рунологиясы, түркі эпиграфикасы, түркі палеографиясы, түркі руникасы, руникалық жазу, көне түркі руна жазулары, ойма жазулары, майда жазулары, байырғы түркі жазуы, көне руна жазу, орхон-енисей жазулары ” т. б. атаулар ғылыми қолданысқа жөн-жосықсыз енгізілген. Сонда бұл термин-атауларды түріктанудың тарихи, археологиялық, этнографиялық және тілдік бітім болмысы, даму барысы тұрғысынан пайымдасақ, ол мүлдем басқаша сипатталады. Мәселенің жөн-жосығы, түрік атаулылардың этнотектілігіне, этногеографиясына, ономастикасына, рулық, тайпалық, одақтық, ұлыстық, хандық, елдік (қағандық) этносаяси бірлестіктердің хронологиялық межелері мен парықтарына асқан ыждаһаттылықпен қарауды, соның негізінде сараптауды қажет етеді.

Шын мәнінде, “түрік” деген бір ғана атау, бір ғана термин. Егер, “тюрк, турок” деген орыс тілінің болмысын көшірмей-ақ, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай “**растыққа жүгінсек, түріктің тұнық таза тілі, түзу емлесі қазақта**”. Қараңыз: Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі // “Шора”, 1913. № 4, 110—113-бб.

⁷ Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1911. Т. 4. Ч. 2. С. 1775—1778.

⁸ Базылхан Б. Эртний түрэг бичээсний хэлний үгийн бүтэц (Көне түрік жазба тілінің сөз құрылысы) УБ., 1984. 57-б. “biti-, bitir-, bitig (біту, бітіру, бітік)”

⁹ Алтайлық тектіл — бүгінгі түрік, моңғол, тұңғыс-манжұр тілдері өрбіген ортақ тіл, мыңдаған жылдар бұрынғы бабатіл.

¹⁰ Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. Морфология. Алматы, 2000. 180-б.

Түрік тілінің басқа тіл-сөйленістерін айтпағанда, қазіргі қазақ тілінде * **pīt-** түбір морфемасы біз бітік, бедер, бәдіз, быт (быт-шыт ету), бытырлату және т. б. тұлғалы сөздерде сақталған.

ТҮРІК БІТІК — көне түрік тілінде: “**түрүк бітіг**” // “**төрүк бітік**” деп белгіленген. Сондықтан аталмыш нақтылы тарихи атауды бүгінгі ғылыми талапқа сай келеді деген пікірге тоқтап, түріктануда жаңсақ қалыптасқан “көне түркі руникасы, руникалық жазу, руна жазу, сына жазу, ойма жазу, тас жазу” деген сияқты қаптаған орынсыз атаулардың орнына ежелгі атауды қолданғанды жөн көрдік¹¹. Түрік Елінің төлтума түрік бітігі¹² әрбір этносқа түсінікті де ортақ, әдеби классикалық үлгіде жазылды. Көптеген түрік тектес этностар оны емін-еркін оқи да, жаза да білді. Түрік бітіктің бір империяға біріктірілген саяси-этностық бірлестіктердің ортақ жазуын, бірыңғай емлелік тәртібін құра білуі, сондай-ақ әр алуан диалектикалық-фонологиялық заңдылықтарды ықшамдаған бітік-жазуды қолдануы оның құдіреттілігін көрсетеді.

Сонымен, Түрік Елінің ресми жазуы түрік бітік болды, ал ресми тілі де сол бітікке негізделген әдеби тілмен айшықталды¹³.

¹¹ Марғұлан Ә. Х. Қазақ жазуының тарихы // Жұлдыз, 1984. № 8, 203—205-бб.; Марғұлан Ә. Х. Найман, Керей, Оңгіттердің жазулары // Жұлдыз, 1991. 70—76-бб.

¹² Бұдан былай “көне түркі руникалық жазуы, көне түркі жазуы, түркі руникалық әліпбиі, көне түркі жазба ескерткіштері, түркі тілдері, түрік қағанаты, ескерткіш тас, ұстынтас” деген атаулар орнына түрік бітік (тюркский битик, древнетюркская письменность), түрік бітік тілі (язык тюркских битик), көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (памятники древнетюркской письменности), түрік тілдері (тюркские языки), Түрік Елі (Тюркский Эль), бітіктас (письменный-камень, битик-камень) деп жазылады.

¹³ Кейбір зерттеушілердің “орта ғасырлар, феодализм дәуірінде әдеби тілдің болуы екіталай” деуі ата-бабаларымызды “сақау, мылқау” еді, Түрік Елі “әдеби тілсіз, қараңғы, жабайы, хат танымайтын жұрт болды” дегенмен парапар, қате байлам екені даусыз.

ТҮРІК БІТІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ МЕЖЕСІ

“Анық түрік затты халық тілі — біздің қазақта”
Әлихан Бөкейханұлы

“Түріктің тұнық таза тілі, түзу емлесі — қазақта”
Ахмет Байтұрсынұлы

Түрік бітіктің тарихи-тілдік негіздері: Түрік бітіктің тарихи шығу тегін, даму барысын хронологиялық тұрғыдан екі дәуірге, ал түріктердің өзге әліпбилі (шетел графикасын қолданған) дәуірін үшінші кезеңге бөліп қарастырамыз:

I дәуір. Ататүрік бітік — б. з. д. II мыңжылдық — б. з. I—III ғасырлар.

II дәуір. Түрік бітік — б. з. IV—XI ғасырлар.

III дәуір. Түрік тілді жазулар — б. з. XI—XXI ғасырлар¹⁴.

I дәуір. АТАТҮРІК БІТІК

Бұл дәуір — ежелгі көшпелілердің ру-тайпалық одақтары, этно-саяси мемлекеттік құрылысы орныға бастаған заман, яғни осыдан шамамен 4000 жыл бұрынғы тарих.

Ежелгі көшпелілер жазу қолданды ма? Қолданса, ол жазу қандай жазу болды? Бұл сұрақтарға бүгінгі зерттеуші ғалымдар тарапынан бірыңғай нақты жауап табылмай келеді. Оның өзіндік себептері де бар. Мәселен, ежелгі

¹⁴ III дәуір түрік тілді жазулары: брахма, соғды, “ұйғыр” және моңғол, ойрат, манжұр жазуының трансформациясы. Далалық көшпелілер тілінің шетел әліпбиі бойынша (соғды, манихей, брахма, сирия, араб, армян, латын, кириллица және т. б.) таңбалануы.

Далалық көшпелілердің протожазуының ілкі үлгісі (түрпаты) идеограмма-таңбалар формасында болды, ал одан арғы кезеңдерде түрік бітіктің ұйытқысы, оны қалыптастырушы тұлғасына айналды.

Ал Түрік Елінің құрамында болған көне соғдылардың арамей тектес жазуы сауда-саттық, керуен жолының бағытында діни (манихей, брахма т. б.) ерекше функция атқарды, ол жазу Түрік Елі әлсіреген кезден бастап әуелі көне түрік тілінің, одан кейін моңғол тілдерінің негізгі “трансформациялық” (белгіленімдік) әліпбиі болып қолданыла бастады. Бұл да заңды құбылыс. Сол сияқты ислам діні далалық көшпелілерге кең таралуына байланысты араб графикасының “трансформациялық” (белгіленімдік) ортағасырлық түрік (“түрки”) әліпбиі де қалыптаса бастады.

көшпелілер қолданған жазудың нақты дәлелдері, археологиялық деректері өте сирек кездеседі әрі ондай деректер туралы пікір қайшылықтары да баршылық. Ал осы мәселеге қатысты археологиялық деректер табылмады, біздің заманға дейін жетпеді немесе ата түрік бітік болмады деп айту үшін де оны дәлелдеу керек. Аталмыш дәуірлерде далалық көшпелілер “қараңғы, сауатсыз” болған-мыс дейтін ғалымдар да аз емес. Далалық көшпелілер сол дәуірлерде қытай, үнді, брахма, кхарошти, парсы, грек және т. б. жазу-сызуды қолданатын елдермен көрші шекаралас бола тұрып, олардың жазуларынан мүлдем хабарсыз болды деу ақылға қонбайды. Әсіресе, қытайлықтар “солтүстік көршілері” — хұндар туралы өз жазуымен хаттап жатқанда, сол хұндардың өздері қытай иероглифті жазуының бар екендігін білмеген деуге болмайды. Сондай-ақ көшпелілер үнді, иран жазуларынан да бейхабар болды деу тарихи шындыққа жасалған қиянат демеске амал жоқ.

Әрине, 3—4 мыңжылдық бұрынғы тарихты қозғап отырғандықтан, ежелгі көшпелілер қолданған жазулардың деректері бізге жетпей қалуы әбден мүмкін екенін ескергеніміз жөн. Мысалы, Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ жеріне ислам діні ене бастаған кезде түрік бітік, ұйғыр жазуы орнына араб графикасына негізделген ортағасырлық түрік (түрки) әліпбиі кеңінен тарады. Түрік бітік, ұйғыр жазуы Орталық Азия аумағындағы ислам дінінің ықпалы күшті болуына байланысты XIII—XIV ғасырларда қолданыстан біржолата шығып, түрік тектес этностардың жадында сақталмады. Өйткені, қазіргі түрік тектес этностардың ауыз әдебиетінде, жазба нұсқаларында “түрік бітік” жайлы бірде-бір дерек кездеспейді. Махмұд Қашғаридің “Диуани-лұғат-ат түрік” сөздігінде “бітік, бітік бітітті” деген сөздер кездеседі. Бұл еңбекте XI ғасырда түріктер қолданған көне ұйғыр жазуының 18 әрпін араб әріптерімен салыстырып көрсетеді¹⁵. Демек, “бітік” сөзі бұл кездерде қолданыста болғаны да анық.

Сонымен ежелгі көшпелілер жазу қолданды делік, ал соған байланысты бүгін бізде ғылыми тұрғыдан қандай деректер бар? Мұндай сұраққа жауап беру үшін алдымен осыған қатысты археологиялық деректерге назар аударған жөн.

Ежелгі көшпелілер қолданған жазулардың археологиялық айғақтары:

1. Сақ дәуірі. б. з. д. III—IV ғасырлар. Күміс тостағандағы жазу.

Есік қорғаннан табылған күміс тостағандағы жазу. 1969 жылы Алматы облысы Есік қаласы маңындағы қорғаннан белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы К. А. Ақышев әйгілі “Алтын адамды” тапқаны белгілі. Сонда бірге табылған күміс тостағанда екі жолдан тұратын 26 таңбалы мәтін жазылған. Мәтінді қазақстандық түріктанушы зерттеушілеріміз¹⁶ көне түрік бітігіне ұқсас, оның прото-байырғы түрі деп есептеді. Ал шетел ғалымдары оны арамей, кушан, соғды, кхарошти¹⁷ жазулары негізінде түсіндіреді.

¹⁵ Divanü Lugat[^]t-Türk. Kasgarli Mahmud. Tipkibasim /Facsimile. Ankara, 1990. S. 5.

¹⁶ Сулейменов О. Иссыкское письмо // Комсомольская правда. 1970. 31 октября; Аманжолов А. С. Руноподобная надпись из сакского захоронения близ Алма-Аты // Вестник АН КазССР. 1971. С. 12.

¹⁷ Күміс тостағандағы мәтін: “В чаше вино из винограда. Наготовлено пищи усопшему так много. Затем приготовлено чистое масло”, — Я. Харматтаның ағылшынша аудармасы бойынша орысша аударған К. А. Ақышев.

Бұл ретте белгілі археолог ғалым К. А. Ақышевтің мына бір сөзін ескергеніміз дұрыс: “Тюркологи должны были проверить свои версии прочтения на другой основе, в частности, на древних индоиранских алфавитах, которые практиковались в ареале расселения индоиранских и индоарийских племен, к которым принадлежали древние племена Казахстана. К сожалению, эта истина была забыта. Для истории народа важен сам факт существования письменности в древности — как доказательство высокого уровня развития социума и культуры у казахстанских саков. И не имеет значения, каким алфавитом они пользовались и на каком языке говорили... Общеизвестно, что происхождение и развитие государственности и письменности теснейшим образом взаимосвязаны, ибо активная внутренняя и внешняя деятельность государства немыслима при отсутствии письменности. С другой стороны, само появление письма стимулируется государственными органами. Поэтому при находке памятника алфавитной письменности правомерны целенаправленные научные поиски критериев, указывающие пути разработки проблемы государственности. Пример древнетюркского государства и орхон-енисейской письменности — яркое свидетельство этому...”¹⁸.

Сондықтан күміс тостағандағы жазу ежелгі сақ тайпалар одағының тарихымен тығыз байланыста зерттелуі тиіс. Ал ежелгі сақтардың этногенезісі, дүниетанымы және т. б. көптеген мәселелер әлі де зерттеуді қажет етеді.

Дегенмен Еуразия даласында таңғажайып шеберлігімен, асқан көрнектілігімен ерекшеленетін “аң өрнекті өнері” (“звериный стиль”) туындыларының скифтерде, сақтарда, тіпті хұндарда да кездесуі олардың тарихи, материалдық мәдениетінің бірлігін танытса керек. Мұны білікті зерттеушілердің пікірлері де қуаттайды¹⁹.

2. Қаңлы (кангю, канцзю) дәуірі. б. з. д. IV ғасыр — б. з. I—IV ғасыр.
Арыс өзені бойынан табылған қыш кірпіштердегі жазулар

2001 жылы тарих ғылымдарының докторы А. Н. Подушкин басқарған археологиялық экспедиция Оңтүстік Қазақстанда Арыс өзені бойындағы Күлтөбе қалашығынан беймәлім жазуы бар екі қыш кірпіш тапты. 2002 жылы және 2005 жылы осы экспедиция тағы үш мәтінді қыштарға тап болды. Бұл мәтін жазу үлгісі жағынан үнді-ирандық арамей, кхарошти және т. б. көне жазуларға ұқсас деген

¹⁸ Акишев К. А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. М., 1978. С. 53-60; Акишев К. А. Иссыкское письмо и руническая письменность / Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған “Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2001. 392—393-бб.

¹⁹ “Отдельные государства Средней Азии (Греко-Бактрийское царство, Парфия, Хорезм) склонились перед военной организацией кочевников (саков, юечжей, сарматов, а позднее — хунну и эфталитов); новые империи получили новое управление; произошло сначала смешение, а затем и интеграция культур” (Акишев А. К. Искусство и мифология саков. А.-А., 1984. С. 170); “Любое письмо в истории — выразитель религиозной идеологии прежде всего. И лишь затем — государственности и культуры”. Все новейшие религии входили в мир со своей письменностью. Иудаизм — древнееврейское письмо, христианство — греческое, латинское, буддизм — древнеиндийское; зороастризм — авестийское; мусульманство — арабское” (Сулейменов О. О. Язык письма. Алматы-Рим, 1998. С. 8)

болжам бар: Жазудың сыры толық анықталмағанымен, Канцзю, яғни Қаңлы дәуірінде жазу қолданылған деген болжам айтылды²⁰.

3. Хүн дәуірі б. з. д. I ғасыр — б. з. III ғасыр.

Хүн дәуірінде қандай жазу қолданылды деген сұраққа зерттеушілер әр түрлі пікір-ұсыныстар айтады. Сонымен қатар хұндардың этногенезісі, тайпалық құрамы, тілі туралы көзқарас қайшылықтары аз емес. Түріктанушы ғалымдар хұндарды бабатүрік тілінде сөйлеген десе, моңғолтанушылар бабамоңғол тілімен байланыстырады. Кейбір ғалымдар түрік-моңғол, тұңғыс-манжұр тектес этностарға бөліп-жармай “хүн тілі” деген жорамал жасайды. Мұндай пікірлер түрік, моңғол тектес этностардың материалдық мәдениетінің ортақтығынан, көшпелі тұрмысынан, тілдік төркіндестігінен туындаса керек. Демек сол хұн дәуірінде түрік, моңғол этностарының тілдік табиғаты бір-бірінен алшақтап кетпеген, бір-бірін түсіне білген деуге әбден болатын сияқты. Шынында да аталған дәуірге жататын археологиялық деректерден түрік, моңғол этностарының қай-қайсысына бөліп-жарып қарауға келмейтін ортақ құбылыстарды аңғаруға болатынын зерттеушілер анық айтып келеді²¹.

Қытай жылнамаларында Хұн (Тұман, Модун) қағандардың қытайлықтарға хат жолдап, жарлық беріп, дипломатиялық қатынастар орнатқаны сөз болады. Осы хат, жарлықтарды ататүрік (“хүн тілі”) тілінде жазса керек. Алайда, біздің қолымызда әзірге бұл жөнінде нақты дәлелдеріміз жоқ.

Қытай деректерінде “(хұндарда) жазулары жоқ, заңдары ауызша айтылады” делінгенімен, “сүйекке сызып, ағашты оюлап, өрнектеген жазулары бар, оны шумақтап уәзірлері талқылайды”²² деген деректер де кездеседі.

²⁰ “Перечисленные моменты при всей предварительности палеолингвистических выводов относительно текстов, найденных на городище Культобе, достаточно определенно позволяют говорить о существовании и практическом использовании в Канцзюе своей древней письменности. Надо полагать, она имела государственный статус и была распространена среди элитных этнических групп в составе Канцзюйского племенного объединения” (Подушкин А. Н. Арысская культура Южного Казахстана (IV в. до н. э.) Шымкент: Туркестан, 2001. С. 160–161.).

²¹ “Хуннское изобразительное искусство, представленное только что рассмотренными вещами, по видимому, теснейшим образом было связано с изобразительным искусством других Евразийских коневодческих племен данной эпохи и в первую очередь с “сако-юечжийскими” и другими южносибирскими племенами, искусство которых нам хорошо известно по Сибирской коллекции Петра I и раскопкам на Алтае” (Руденко С. И. Культуры Хуннов и Ноинунинские курганы. М.-Л., 1962. С. 76.); “Ежелгі көшпелілер өнерінің үлгілері қазақ халқының бейнелеу, декоративті-қолданбалы өнерінің қайнар көзі болып табылады. Сабақтастығы тек қана заттың мәдени үлгілеріндегі ғана емес, көлік және еңбек құралдарына, күнделікті тұрмыста, қару-жарақта, сондай-ақ шаруашылықта, табиғи-экологиялық жағдайларға бейімделу тәсілінде жалпы алғанда тіршілік ету жүйесімен де байқалады” (Самашев Э., Базарбаева Г., Жумабаева Г., Сунгатай С. Берел. Алматы, 2000. С. 48.).

²² Бичурин Н. Собрание сочинений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Алматы, 1998. С. 40.

Бұл жерде “жазулары жоқ” деген мәселені Г. Шрайбер және т. б. қытайтанушы ғалымдардың айтуынша “қытайша мағынасымен түсіну керек”, яғни қытайлықтар өз жазуларынан басқаны мойындамайды деген сөз.

Моңғолияның Архаңғай, Төв, Сүхбатыр, Өмнөғобы, Дундғобы аймақтарында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде хун дәуіріне қатысты археологиялық деректер көп табылған. Мысалы, оған шыны ыдыс пен ас ішетін аяқ түбіне өрнектелген таңбаларды айтуға болады. “Бұл таңбалардың барлығы Орхон түрік жазуларында бар. Мұның өзі аса қызықты дерек екендігін ерекше айтқым келеді” деп жазады моңғолдың археолог ғалымы Ц. Доржсүрэн²³.

Моңғол ғалымы Г. Сүхбаатар қытай деректемелерінде кездесетін “*ke-mu*” (гравирование или резное дерево) делінген сөзді және тағы басқа қытай деректемелерін зерттей келе, хұндар заманында ағашты оюлап белгілейтін жазулар болды, оны кейін ухуань, сяньби, тоба, жужан, түрік, кидандар қолданды дейді²⁴.

“Хун, Дунху дәуірінің пышақ, ыдыс-аяқ және т. б. зат-бұйымдарына салынған таңбалар Орхон түрік жазуының әріптерімен бірдей. Мұның өзі хұндардың белгілі бір жазуды қолданғанын, ал бұл жазудың түрік жазуына негіз болғанын көрсетеді” дейді моңғол археологі А. Дамдинсүрэн²⁵.

Шындығы да солай деуге әбден болатын сияқты. Мұндай таңбалар түрік бітігінің негізі болды деген пікірді Н. А. Аристов былайша тұжырымдайды: “...но еще большая древность существования тюркских родовых тамг доказывається тем, что, как увидим ниже, знаки тюркского алфавита, которым сделаны надписи на памятниках Кюльтегину и других на Орхоне и Енисее, суть родовые тамги, употребляемые большею частью и поныне у киргиз-казахов”. Бұл пікірге Н. Маллицкий, Е. Д. Поливанов²⁶ және т. б. ғалымдар қосылады.

Сонымен қатар қытай жылнамаларында “хун сөзі” деп белгіленген деректер де кездеседі. Қытай иероглифімен белгіленген “хун тілінің” жұрнағы ретінде қалған бірнеше сөз, сөз тіркестері жайында ғалымдар бірқатар зерттеулер

²³ Доржсүрэн Ц. Умард Хүннү. УБ., 1961. 13, 104–105-р. Бұдан басқа археологиялық деректерді қараңыз: Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М.-Л., 1949. С. 258–259, таблица XXXVIII, XLV.

²⁴ Сүхбаатар Г. Сюнну (Яньтелунь) // Монголын түүхийн дээж бичиг. 1-дэвтэр. УБ., 1992. 23-р тал.; Сүхбаатар Г. К вопросу о времени появления письменности у народов Центральной Азии / *Studia Archeologica*. УБ., 1971. Т. VIII. Ф. 9. 1–25-р.; Ишжаму Н. Монголын төр ес нүүдэл иргэншил сэргэн мандалтын асуудал / *Mongolica*. УБ., 1991–1992. Vol. 2 (23), 3 (24). 5–6-р тал.

²⁵ Дамдинсүрэн А. Археологийн шинжилгээгээр олдсон Хүннүгийн бичгийн дурсгал / *Studia Archeologica*. УБ., 1971. Т. V. Ф. 3–13. 99–111-р тал.

²⁶ Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Отдельный оттиск из “Живой старины”. Вып. III и IV. СПб., 1896. С. 409–410; Маллицкий Н. О связи тюркских тамг с орхонскими письмами / *Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии*. Ташкент, 1897–1898. С. 43–47; Поливанов Е. Д. Идеографический мотив в формации орхонского алфавита // Отд. оттиск из “Бюллетеня Среднеазиатского гос. университета”. Ташкент, 1925; Emre A. E. Eski Turk yazisinin menşeyi. Istanbul, 1938; Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1959. С. 10; Марғұлан Ә. Қазақ жазуының тарихы // “Жұлдыз”, № 8, 1984. 203–205-бб.; Махмұтов А. Как возник древнетюркский алфавит // *Исследования по тюркологии*. Вып. V. А.-А., 1969. С. 141–147. Guzev G., Kljashtornyj S. G. The Turkic Runic script: Is the hypothesis of its indigenous origin no more viable? // *Rocznik Orientalistyczny*. T. XLIX. Z. 2. 1994. 83–92-p.; Ercilasun A. B. Baslangictan yirminci yüzyil Türk Dili Tarihi. Köktürk alfabetesinin kökeni. Ankara, 2004. S. 168–176.

жүргізген. Соның бірі үш сөзден тұратын “tang-li-ku-tu-san-juj” деген мәтін болып табылады. Мұны қытайтанушы Ф. С. Фасеев “Tanri qut (i) šan'juj — Тәңірі құтты шанью” (“шаньюй, благословенный небом на престол”) деген сөздер, хұндар түрік тілдес болған деп дәлелдейді²⁷.

Зерттеушілер арасында кезінде көп дау туғызған, әлі де зерттеуді қажет ететін қытайша белгіленген тағы бір мәтін — “soucig th alig-qan boug qourginug toutqan”. Ф. А. Фасеев бұл жайында бұрынғы зерттеулерді салыстыра отырып “выведешь войска (воевод) в поход — то этот лагерь (город, крепость) будет взят” деп аударады, бұл мәтіндерді зерттеуге түрік тілдері және түрік бітігінің материалдары негізгі тірек екенін атап айтады.

“Хүн тілі”, яғни ататүрік тілінің палеолингвистикалық реконструкциясын жасау аса күрделі зерттеуге жатқызылады. Бірақ қазіргі кезде түріктануда қордаланған байырғы тілдік деректерді түріктанушы ғалымдар тек бір ғана тілдің аясында зерттеуді әдетке айналдырған. Сондықтан оның берер нәтижесі мен теориялық тұжырымдары шектеулі күйінде қалып отыр²⁸. Мысалы, қытайша белгіленген мәтіндегі “тәңірі, құт” және т. б. сөздердің, сонымен қатар түрік тілдерінде кездесетін көптеген сарқыншақ (реликт) тұлғалардың этимологиясы хақында тік-жатық бағытта (вертикально-горизонтальном направлении) жасалынған толыққанды реконструкциялық немесе этимологиялық зерттеулер жоқтың қасы деуге болады.

Хұндардан кейін билік құрған Сяньби (“Шиби, Сиби”), Жужан (Жуань-жуань, Жоужань) елдері жайында “...Оларда жазу жоқ. Қолбасшылары жауынгерлерін қой құмалағымен есептейді. Кейін келе ағашқа кертіп таңба салу арқылы есептеуді үйренді” деген қытай деректері кездеседі. Мұның барлығы сол дәуірлерде далалық көшпелілер хұндар заманынан бастап ағашты оюлау²⁹,

²⁷ Фасеев Ф. С. К расшифровке хуннских фрагментов / Источниковедение и история тюркских языков. Казань, 1978. С. 137–147.

²⁸ Моңғолия, Бұлған аймағы Өвгөнт-үүдэнт деген қорғаннан 1985 жылы табылған, шеңбері 0,30 см алтын тұмардағы 5 таңба-әріпті моңғол ғалымдары Хүн дәуірінің (б. з. д. II ғ. — б. з. I ғ.) жазба ескерткіші ретінде қарастырып және “qayap-u tamga” (Шаньюй, қаған таңбасы/Каганская тамга, Знак кагана (или Шаньюйя) деп оқып моңғол тіліне телігісі келген. Наваан Д., Сумьябаатар Б. Өвөг монгол хэл ба бичгийн чухаг дурсгал. УБ., 1987; С. Қаржаубай оны “Ой сеңгір елші ыты (Ой-сеңгір, Елшінің найзасы)” деп оқып, “Хунну қағанының елшісін куәландыратын мемлекеттік белгі-тұғыра (найза)” болды дейді. Қаржаубай С. Хунну жазуы // “Әлем”. Альманах. Алматы, 1991. 496-б.; С. Г. Кляшторный болса Түрік дәуірінің “Tang Er Beg” (Таң Ер бек) деген мәнді жазуы деп VIII ғасырға тән дейді. Klyastorniy S. G., Savinov D., Skoda V. The golden bracteatus from Mongolia. A byzantine motif in the Central Asian torentics. Moskow, 1989. S. 5–59; Klyastorniy S. G. The runic inscription in a golden bracteat from Mongolia // Turk Dilleri Arastirmalari, 1990. —3. S. 129–131.

Бұл ретте Өвгөнт-үүдэнт деген жерде қазылған қорған археологиялық тұрғыдан көне түрік дәуіріне жатады. Ал содан табылған византиялық кескін келбетті адам бейнеленген алтын тұмардағы 5 таңба-әріпті жазу да көне түрік бітік мәтін екені анық.

²⁹ Хүн дәуірінде ағашқа кертіп таңба салу болды деген деректер бүгінге дейін толық айқындалмаған. Талас өзені бойынан табылған Ашықтас мәтіні, Енисей бойынан табылған Е—87, Е—88 мәтіндері сол дәуірдің сұлбасын, дәстүрлі сабақтастық жұрнағын айғақтай алады.

оған таңба салу сияқты өздеріне тән жазу, сызу дәстүрін жалғастырып келгенін дәлелдейді.

Біздің бұл дәуірлерді ататүрік бітік дәуірі деп атау себебіміз де осыған саяды. Дәл осы кезеңнен бастап түрік бітік қалыптаса бастап, әрі қарай дами түсті деп болжам жасауға болады.

II дәуір. ТҮРІК БІТІК 6. з. IV–XI ғғ.

1. Түрік бітік қалыптасуының тарихи-лингвистикалық негіздері.

Көне түріктер өз жазуларын “türük bitik” (түрік бітік) деп атады. Түрік бітік дегеніміз түрік тектес этностардың төлтума жазуы, олардың ғасырлар бойы қолданған әліпбиі.

Түрік бітік сонау хұндар заманынан бастау алады деген пікірге қатысты көптеген дәлелдер бар. Түрік бітік қалыптасуының тарихи-лингвистикалық негіздеріне келетін болсақ, түрік бітік алғашқыда пайда болғанда оның әліпбилік жазуы қандай болды деген мәселенің басын ашып алған жөн. Басқаша айтқанда, хұн дәуіріндегі таңбалық “белгілердің” өзі жазу ма, әлде өзге шетелдің әліпбиі оған негіз болды ма деген мәселеге жауап іздеу тура келеді. Түріктануда аса күрделі әрі даулы мәселелердің бірі — түрік бітіктің шығу тегі, оның уақыттық кеңістіктік бітім-болмысы. Жалпы алғанда, далалық көшпелілер қолданған жазулар туралы, оның шығу тегі хақында ғылыми зерттеулер, тиянақты ой-пікірлер мардымсыз. Қазіргі кезеңде ғалымдар түрік бітіктің шығу тегінің негізін мынандай үш бағытта қарастырады:

1 — таңбалық немесе пикто-идеографиялық негіз;

2 — өзге (шетел) әліпбиі негізі;

3 — төл жазу мен шетел әліпбиі негізі.

Түрік бітіктің қалыптасуы сонау хұндар заманындағы таңбалардан бастау алады деп тұжырым жасауға қытай деректері дәлел бола алады³⁰. Қытай жылнамаларындағы көшпелілерде “(Хұндарда) ағашты ойып, өрнектеген жазулары [кему] бар” деген деректер басқа да археологиялық, лингвистикалық деректермен расталса, біз көне жазудың генезистік негізін осыдан бастауымыз қажет деп білеміз. Сол таңбалар өзге әліпби тәртіптері сияқты реттеліп, түрік тілінің “фоно-морфемдік”³¹ табиғатын таңбалай бастады. Әрине, дәл қай дәуірде қандай қағанның бұйрық-жарлығымен түрік бітік жасалынғанын дәл

Ағашқа таңба ою, тасқа таңба қашау дәстүрі далалық көшпелілерде ерекше сақталғанына ешкімнің таласы жоқ деп білеміз.

³⁰ “Письма не имели. Предводители и начальники овечьим пометом грубо отмечали число ратников; после выучились вырезывать деревянные жеребейки (бирки)” (Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Алматы, 1998. С. 190); Түріктер (Түпнұсқасымен салыстыра отырып орыс тілінен аударған, алғы сөзін түзген және құрастырған Қойшығара Салғараұлы). Алматы, 1999. 149-б.; Сүхбаатар Г. Вейшу, 1 тарау // Монголын түүхийн дээж бичиг. 1-дэвтэр. УБ., 1992. 33-р тал.

³¹ “Фонеморфемдік” — көне түрік тілінің дыбыстық-морфемалық тізбектерін қоса таңбалаған құрылым. Түрік бітік емлесінде “қалдым, келдім, бардым, бердім” дегенде:

“ҚЛ-” + “-ДМ” /ҚаЛ+ДыМ/, “КЛ-” + “-ДМ” /КеЛ+ДіМ/,

“БР-” + “-ДМ” /БаР+ДыМ/, “БР-” + “-ДМ” /БеР+ДіМ/ тұлғасында әрі фонемалық, әрі морфемалық (мағыналық) сөзжасамын таңбалай алатын жүйе болды деген сөз.

басып айту оңай емес. Дегенмен, б. з. I—III ғасырларда ататүрік бітік қолданысының негізінде түрік бітіктің ілкі түрлері едәуір тиянақталып, б. з. V—VIII ғасырларда толық жетілген классикалық деңгейге жеткен деп есептейміз. Бұл үрдістің бірнеше жүз жылға созылғаны анық, өйткені түрік бітіктің таңба-әріптері бірден қалыптаса қойған жоқ. Оған бір таңба-әріптердің бірнеше нұсқаларының, жергілікті үлгілерінің (нұсқаларының) болуы дәлел. Бәлкім, алғаш жасалған таңба-әріптерді жетілдіру барысында оны түрік тілінің табиғатына үйлестіру жүзеге асқан болуы керек. Бұған түрік бітіктің өзгеге ұқсамайтын, басқа әліпбилерден оқшау тұратын ерекше табиғаты, фоно-морфемдік құрылысы айғақ болмақ. Егер оны қандайда бір шетел әліпбиіне негізделді десек, сол шетел әліпбиі де, сол тіл де көне түрік тілінің барлық тілдік деңгейіне (“ярусқа”) ұқсас немесе етене жақын тіл болуы керек. Бұл орайда әңгіме әрі дыбыстық, әрі буындық (морфемдік) әліпби туралы болып отыр. Ал мұндай фоно-морфемдік қос қызметті қатар атқара алатын әліпбиді түріктерден басқа ешкім жасай алмады деуге толық негіз бар. Сонымен қатар мұндай әліпбиге тілдің құрылысы да, табиғаты да сай болуға тиіс.

Түрік бітіктің өзі таңбалар мен пикто-идеограммалық негізде пайда болды деген пікір ғылыми тұрғыдан көңілге қонады³². Олай дейтініміз сол таңбалар кезінде жазу-сызудың қалыптасуына әсер еткен алғашқы элементтер еді, солар арқылы түрік бітік фоно-морфемдік әліпби дәрежесіне жетті.

Еуразия даласындағы көшпелілер мекендеген аймақтарда кездесетін, тарихи бастауы тас және қола дәуірлерінде жатқан сан мыңдаған петроглифтер, сурет, таңба, идеограммалар жазу-сызудың “алғашқы ілкі үлгілері” деуге болады. Алтайлық тектіл теориясы тұрғысынан алғанда мұндай құбылысты жалпы адамзат тіл-үн қата бастаған дәуірлердегі белгілі бір пиктограммалар, идеограммалар арқылы фонациялық, дыбыстық құрылымның белгіленуі, “тіл бітуі” деп түсінген жөн. Бұл, әрине, ұзақ уақытқа созылған үрдіс екені белгілі. Хүн, сяньби, тоба, жужан, түрік мемлекеттерінде түрік тілінің табиғи болмысын нақты айқындау үшін тіл тұтастығын сақтаудың орны ерекше болды. Ататүрік бітіктің ілкі таңбалары, соның негізінде орныққан әліпби құрамы түрік бітіктің қалыптасуына басты негіз болды. Түрік бітікті жасаған сол дәуірлердің тілшілері түрік тілінің жергілікті сөйлеу, диалектикалық ерекшеліктерін жетік білген, сондай-ақ олар фоно-морфологиялық саланы толықтай игерген түрік тілді, түрік тектес адамдар еді³³. Біздің пікірімізше, түрік бітікті жасауға қазанның бірнеше

³² “Позволительно предположить, что такого рода (некурсивное письмо /резь/) письмо было из ранних прообразов древнетюркского рунического письма... Очевидно, на протяжении длительного исторического периода в условиях первоначального ограниченного поля для функционирования письменности неразвитое рисуночное и руноподобное письмо могло использоваться с определенными целями уже на самом раннем этапе сложения тюркоязычных племенных союзов... по меньшей мере часть знаков явно способна функционировать как логограммы или идеограммы (eb “юрта”, ed “собственность, домашний скот”, aj “месяц”, ai “рука”, ok “стрела” и т. п.) и представляет дописьменные, рисуночные этапы...” (Кляшторный С. Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. СПб., 2003. С. 235.).

³³ Түрік бітікті түрік тілді, түрік тектес (тілдің барлық деңгейін жете түсінген) тілшілер жасады.

кеңесшілері мен әр түрлі этностардың білікті өкілдері тікелей қатысқан. Түрік бітіктің алғашқы нұсқасына кейіннен көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, VIII ғасырда толыққанды классикалық үлгіге айналды. Тарихи тұрғыдан алғанда бұл біртұтас Түрік Елінің өрлеу кезеңі болатын. Сондықтан түрік тілінің әдеби нормасы толық қалыптасып үлгерген дәл осы кезеңдерде (VII—VIII ғасырларда) бітіктастардың классикалық үлгідегі жазулары дүниеге келді. Түрік бітік Еуразия кеңістігінде кеңінен таралып, оның қолдану аясы бірден-бірге ұлғая түсті.

Түрік бітік алғашқыда Орхон өзені аймағындағы Өтүкен орталық деп аталатын қаған ордасында жасалды.

Бұл орталық кезінде Хүн, Сянби, Жужан, Түрік Елінің, сондай-ақ Шыңғыс қаған орнатқан моңғол империясының да ордасы болды.

Түрік Елінде қағандық құрамына енген түрік тектес этностардың жергілікті диалектикалық ерекшелігі толық сақталған түрік бітіктің классикалық түрінің әбден жетілгені сондай, әрбір индивид-этносқа түсінікті болған. Демек, түрік бітіктің түп тамыры тым тереңде жатыр. Түрік бітіктің қалыптасуына алғы-шарттар болған мынадай тарихи-лингвистикалық негіздер бар.

1. 1. Ататүрік бітіктің ілкі формалары (таңбалары)

Бұл туралы қытай жылнамаларында деректер, археологиялық зерттеу арқылы табылған таңба дәлелдер бар. Ататүрік, яғни хун дәуіріндегі ағашты оюлаған таңбалар, сондай-ақ қыш кірпіштерде кездесетін таңбалар сол дәуірдегі жазу-сызудың бастапқы үлгілері еді. Бұл таңбалар түрік тектес этностардың мал-мүлікке меншіктің айырым белгісі ретінде, санақ есептік және шартты белгі ретінде қолданылғанымен, алғашқы таңбалардың сұлбасы болды. Мұндай таңбалар жайында зерттеулер тым аз. Дәл осы таңбалар түрік бітіктің таңбалық жүйесін қалыптастыруда елеулі рөл атқарды. Әрине, далалық көшпелілерде қолданылған ру-тайпалардың таңбалары туралы, олардың XX ғасырға да жетуінің тарихы хақындағы мәселелердің өз алдына ғылыми зерттеулер тақырыбы екендігі түсінікті. Сондықтан түрік бітікті қалыптастыруға әсерін тигізіп, оның құрамдас бөлігіне айналған таңбалық жүйенің орны ерекше.

1. 2. Түрік тектес этностардың тілдік тұтастығы

Белгілі бір этностарға ортақ жазу болуы үшін оны қолданатындардың тіл тұтастығы ерекше қажет, ал онысыз жазудың қалыптасуы мүмкін емес. Демек, тіл тұтастығы белгілі бір этно-саяси бірлестіктердің құрамына енген әрбір ру-тайпаға ортақ тілдік заңдылықтар қалыптастырды. Соның нәтижесінде шағын ру-тайпалардың диалектикалық айырмашылығы біртіндеп бәсеңсіп, ортақ тілдік, этносаяси, саяси-аймақтық бірлікке бағынды. Мұндай тілдік құбылыстар далалық көшпелі түрік тектес этностарда бола тұрса да, жергілікті тіл өзгерістерімен қоса өзіндік ерекшеліктерін сақтай берген тәрізді. Сондықтан да Түрік Елі құрылған кезеңде бірнеше диалектикалық ерекшелік, сөйленістік айырмашылықтар ғана болды (В. В. Радлов көне түрік тілін солтүстік, оңтүстік, аралас диалектілер деп қарастырған). Ал арада талай жылдар өтсе де, түрік тілінің негізгі жүйесі, қатаң құрылысы уақыт тезіне төтеп беріп сол мызғымаған

күйі қала берген. Бұл тілдік құрылыс сонау алтайлық тектіл дәуірінен бастау алып хұндар заманына, одан көне түрік дәуіріне дейін қаймағы бұзылмаған күйі сақталынды. Мұндай ерекшеліктер ретінде жалғамалы жүйе, ерін үндестігі және т. б. ерекшеліктерді атауға болады.

Ал түрік этнотектілердің тіршілік еткен дәуірін “ежелгі, көне, орта, кейінгі орта ғасыр, жаңа кезең” деп іштей бөліп, тарихи даму кезеңіне, қоғамдасу деңгейіне, жалпы мен жалқының арасалмағына, ғылыми теориялық жаңа тұжырымдарға орай тиянақтап отыру қажет. Сондықтан лингвистикалық тұрғыдан алғанда, V–IX ғасырлардағы көне түрік тілін “көне түркі”, X–XIV ғасырлардағысын “орта түркі”, XV–XXI ғасырларда да “қазіргі түркі” деп атау шартты атау ғана. Себебі, тіл және сол тілмен сөйлеуші халық тірі био-әлеуметтік этнотабиғат.

Осы орайда белгілі антрополог, академик О. Смағұлұлының мына бір сөзін келтіре кеткен жөн: “...Қазақ даласында ешқандай этногенезистік және генетикалық жалғастықтарын нақтылы зерттемей, оның орнын бос сөз тізбектермен толықтыруға тырысқандар бар. Қазақ даласының 40 ғасырлық тарихындағы этногенез және расогенез проблемаларының нақтылы және дәйекті шешу әдістемелеріне тарихшылар тиісті бетбұрыс жасамаса, бұл мәселенің шешілуі дәл бүгінгі Қазақстан тарихшыларының қолынан келетін іс деп айта алмаймыз”³⁴.

Түрік лингвистикасында бізге белгілі деректер бойынша көне түрік тілінің 40-тан астам тіл-сөйленісі ғылыми түрде қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар деп аталатын төрт ірі топ бойынша қарастырылады. Бұдан, прото (баба) түрік, ататүрік тілі алғашқы кезеңдерде бір ғана тіл болған, одан 4 ірі топқа бөлініп, одан кейін 40-тан астам тіл-сөйленіске жетті деген қорытынды шығады. Мұның өзі түріктануда ертеден қалыптасқан ғылыми тұжырым екендігі белгілі. Шын мәнінде де тілдің даму барысында бір тектілден көп тіл, сөйленістер тарамдалады десек, оны мынадай межелік сатылармен көрсетуге болады:

I. Алтайлық тектіл дәуірі (Бабатүрік) — шамамен 1 млн жыл бұрын.

II. Ататүрік тіл дәуірі — шамамен 3000–5000 жыл бұрын.

III. Көне түрік тілі — шамамен 1300–1500 жыл бұрын.

IV. Ескі түрік тілі — 500 жыл бұрын.

V. Қазіргі түрік тіл-сөйленістері — XXI ғасыр.

Бұл орайда түрік тілінің қалыптасу, даму хронологиясын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан осылай қарастырған жөн.

Хұн дәуірінде, яғни ататүрік тілі дәуірінде алғашқы таңбалар қолданыла бастады да, кейін сол таңбалар белгілі бір дыбыстық құрамда (бірнеше фонемамен) аталды, сөйтіп сол дыбыспен ұдайы атау қалыптасты. Уақыт өте келе түрік бітікті жасау кезінде ол таңбаның аталуындағы бір ғана дыбыстық бөлшектің фонологиялық ерекшелікке ие болу үрдісі орнықты. Кейіннен бір таңба

³⁴ Смағұлұлы Оразқ, Бекетайқызы Күлән, Оразқұқызы Айнагүл. Алтай қазақтары: тарихи-антропологиялық зерттеу. Астана, 2003. 53-б.